

Қазіргі таңда бүкіл әлемді шарпыған қаржылық дағдарысқа байланысты еліміздің Президенті Н.Назарбаев III Әлемдік және дәстүрлі діндер съезінде: “Бүгінде алдыңғы тұрғыға ізгілік бастаулары шығуы тиіс. Санадағы өзгерістерсіз, моральдық нормалар мен биік адамгершілік қағидаттарды қатаң сақтаусыз дағдарысты еңсере алмайтынымызға мен сенімдімін!” – деп қадап айтты, яғни дағдарысты еңсеріп, мемлекетіміздің тәуелсіздігін нығайту үшін қоғамда болашаққа деген сенім, рухтың күштілігі керектігін білдірді.

Ақпараттық қауіпсіздіктің саяси, экономикалық, ұйымдастырушылық, техникалық, рухани сияқты бірнеше аспектілері бар. Ал ұлттық рух мәселесі ақпараттық қауіпсіздіктің түгелдей дерлік аспектілерімен өзара байланысты деп есептейміз. Өйткені ұлттық рухы қалыптасқан, дамыған елдерде ақпараттық қауіпсіздік мәселесі барынша шешілген. Мысалға, мұндай елдердің алдыңғы қатарына Жапония мемлекеті жатады. Екінші жағынан, мемлекеттің оң имиджін қалыптастыруға, ұлттық идеологияны дәріптеуде, сонымен қатар ұлттық рухты қалыптастырып, дамытуда ақпараттық насихат жұмыстарының алатын орны ерекше. Осы орайда Елбасымыз Қазақстан халқына арнаған «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» атты 2006 жыл 1 наурыздағы жолдауында: «Қазір БАҚ адамдар үшін қиындықты қалай еңсеруге болады, мынандай қиын кезде қалай аман қаламыз, қалай төтеп береміз деген мәселелерде «кеңесші» ретінде көрінуге тиіс. Сенімділік, жеке белсенділік, төзімділік, патриотизм, Отанға деген сүйіспеншілік секілді көңіл күйлерді орнықтыратын материалдарды жиі беру керек» деген болатын.

Қазақстан жағдайында ұлттық рухты

қалыптастырып, дамытуда ақпараттық қауіпсіздік - аса өзекті мәселелердің бірі. Сондықтан бұл мәселені шешуге БАҚ өкілдерінен басқа, ғалымдардың, саясаткерлердің, ұстаздардың да белсене араласуы керек деп есептейміз. Сыртқы және ішкі саясат мемлекеттің ақпараттық саясатының негізінде дамуы тиіс.

1. Сарсенбаев А. Стратегия формирования информационной политики Республики Казахстан в переходный период. Дис. д-ра полит. наук., 2000 -225 с.

2. Гриняев С. Глобализация и информационная безопасность // Красная звезда. - 29 ноября 2002 года

3. <http://www.aikyn.kz/site.php?lan=kaz&id=168&pub=6203> сайтынан

4. Қамзина Ә. Түрік басылымдары және ақпараттық қауіпсіздік // Ақиқат, №11. - 2003ж.

5. Шаханов М. Ақпараттық диверсияны қалай тоқтатамыз? // Түркістан газеті, 12.04.2007 ж.. - № 15.

6. Скородумов Б.И. Стратегия информационной безопасности в Интернет // Политика. - март 2001. - № 45.

7. [http://www.edu-cip.kz/ru/Documents/AboutTerorizm\(kaz\).doc](http://www.edu-cip.kz/ru/Documents/AboutTerorizm(kaz).doc). Сайтынан

8. Цензура и блокирование доступа к информации в Интернете. - Госдеп США, <http://usinfo.state.gov/russian/>, 04.05.2006 г.

9. Vesti.kz, 28.01.2010, 09:49

\*\*\*

В докладе рассматриваются некоторые политические и духовные аспекты проблем информационной безопасности в условиях всемирной глобализации и вхождения страны в мировое информационное пространство.

\*\*\*

In the report some political and spiritual aspects of problems of information safety in conditions of the world globalization and occurrence of the country in world information space are considered.

Ә.С. Қайдарова

## ҰЛТТЫҚ ИДЕЯНЫ ТҰЖЫРЫМДАУДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ФАКТОР МЕН БАСҚАРУ ТӘСІЛІ

Ұлттық идея мәселесі – жаңа мәселе емес. Оны талқылауда бүгінгі күнге дейін бұл тақырыпқа ешкім және ешнәрсе айтпағандай, ашық есікке ұрынудың қажеттілігі жоқ.

Не үшін ұлттық? Мемлекеттік емес, жалпы немесе тағы басқандай бір емес? Ағылшын тілінде national – nation сөзінен – бұл этникалық. Сонымен қатар бұл тағы жалпы, жалпыәлеуметтік, жалпытерриториялық, жалпымемлекеттік – енді этникалықтың белгілерінен. Екеуі де

тұтас мемлекеттің интегративті аумағын білдіреді. Немесе бүкіл қоғамның. Сонымен қатар civil nation шатастырылып жүр, азаматтық ұлт ретінде, сондай ақ этникалықтың ауқымынан шығып кететін, осы мемлекеттің тұтас территориясының тұрғындарын білдіретін. Саяси жүйедегі қоғамның көпшілік билігімен бірлескен әрекетіне тән немесе нақты белгісі ретіндегі азаматтық қоғамды да еске түсіру керек. «Мемлекет» термині екі мағына береді.

Тар – ретке келтірілген тұрғындармен құрылған институт ретінде, басқару аппараты ретінде. Көпшілік билігі ретінде (Қазақстан үшін республикалық деңгейдегі мемлекеттік билікті және республиканың субъектісі деңгейін, сонымен қатар биліктің жергілікті деңгейін нақтырақ – өзін-өзі басқаруды қамтиды). «Мемлекет» терминінің кең мағынасы территорияны, тұрғындар мен басқаруды (яғни, мемлекет тар мағынада) қамтиды.

«Халық» термині де көп мағыналы. Бір жағынан, этникалықтан жоғары – қазақстандық халық, американдық халық, ресейлік халық, кеңес халқы. Екінші жағынан – этникалық: қазақ халқы, орыс халқы, еврей халқы, ұйғыр халқы. «Этнос» терминінің екінші қосарлылығы оны басымдық бойынша, жариялық (бастысы – «қан») және тұтастай биологиялықты жоққа шығармайтын тарихи-мәдени типтің ерекше қауымы ретінде, биологиялық түсініктің шектелуіне негізделеді. Біз этносты екінші барынша кең мағынада түсінеміз.

Не үшін онда осы жұмыста идея ұлттық деп беріледі? Оған бірнеше себеп бар. Біріншіден, бұл тым жалпы қабылданған сөз тіркесі. «Ұлттық» термині өзінің бастапқы көп мәнділігін жоғалта бастайды. Екіншіден, әрине, ұлттық идея мазмұнында және принципалды, этникалық ерекшеліктің белгілері болады, бәрінен бұрын өркениеттік бірегейлікпен байланысты. Қазақстан жағдайында «қазақ» белгісі қазақ өркениетіне де қатысы қалай болса, қазақ өркениеттік-құндылық қорға да бірдей және көпэтникалық мемлекеттің атауына да қатысты қолданылуы сөзсіз.

Бұл терминді қабылдауға себеп болатын ең басты себеп осы жұмыстың негізгі гипотезасы болып табылады. Гипотеза мемлекеттің өмірге қабілеттілігінің нақты факторларының профилі әр өзбетінше өркениеттік немесе бірегей мемлекет үшін ерекше болып табылатынын мақұлдайды. Факторлық профиль – бұл мемлекеттің паспорты немесе саусақтың өзінше ізі ретінде. Факторлық профиль – бұл мемлекеттің табыстылығының деңгейін анықтайтын өзінің жиынтығында қолайлы мәндерден жазылған факторлар жиынтығы. Факторлардың соңғы тізімін зерттеу керек. Факторлардың мысалы автаркия деңгейі, этатика деңгейі, еңбектің материалдық немесе ментальдік мотивациясы, елдің ІЖӨ мемлекеттік шығындардың үлесі, тұрғындардың идеялық-рухани жағдайы және т.б. болады.

Жаңа тұжырым басқа елдер үшін компарация мақсатында сәйкес профильдерді табу болып табылады. Жұмыс халық ойын сендіруге бағытталған. Ұсынылған дәлелдің қорытындысы мен нәтижелері жоғары маңызды басқару шешімдері болады. Біріншіден, шешімдер кешені, соңғы 20 жылда Қазақстанға

таңылған өмірлік қауіпті ауруға жауап беретін, емдейтін қатаң тұжырым болып табылады.

Екіншіден, ауру мемлекеттің денесін толық жайлап алмай тұрғанда дереу емдеу керек.

Үшіншіден, аурудың жағдайын жеңілдеткеннен кейін, қалпына келтіру және иммунитетті, денсаулықтың жалпы деңгейін күшейту үшін ем, яғни стратегиялық болашақта дамыту бағдарламасы керек.

Барлық үш деңгейдің де басқару мазмұны зерттеу арқылы дамытуды, емдеу мен қалпына келтіру, тірі ағзаның бейімделуін болжайды. Мәтінді «өмірлік», «өмірлік маңызды» ұғымдары жиі қолданылады. Өмірлік маңызды – бұл пардоксалды көрінгенімен, іс жүзінде «өмірлік қауіпті» білдіреді. Өмірлік маңызды, бұл өмірлік қауіпті. Сондықтан зерттеуде елдің қолайлы табыстылығының факторлар мәні жиынтығын іздеумен қатар, елдің даму жолы мен қате шешімдер мен қауіптерді түсінуге ұмтылу ретінде олардың сәтсіздік саласында да анықтау мәнді болып табылады. Бұл жаңа және өте жауапты тұжырым. Өлім деген не? Бұл өмір сүру фактісінің өзінің жоғалуы. Міне сондықтан, өмірдің мәнінің бірінші маңызды мазмұны – бұл оның физикалық тіршілігінің фактісі болып табылады.

Сыртқы ортаның (жансыз табиғат болсын) өзгеретіндігін ескергенде, болуы үшін өмір сүру фактісі ағзаны, оның өзгергіштігін дамытуды талап етеді. Тірі ағзаның дамуы – бұл оның өмірінің мәнінің екінші мазмұны. Тірі жүйе үшін осы екі мазмұн барынша жеткілікті. Тек жаны және ақылы бар адам үшін ғана емес. Мұнда осы диапазондағы өзінің көзқарасын түрліше қалыптастыратын барлық адамдар сияқты сенімі бар адам мен атеисті татуластыру қажеттілігі туындайды.

«Жан дегеніміз не?» деген сұраққа рационалды ойлайтын материалистке әзірше ешкім жауап бере алмайды. Әзірше – адамзаттың білімі мен ғылымның қазіргі деңгейі мағынасында. Бірақ ешкім де сондай ақ болашақта не немесе кім екенін, Құдай, ақыл, рухани сана мәнін түсінетін ойға тыйым сала алмайды осы уақытқа дейін адамзатпен жиналған сәйкес теория, модель және ғылыми білім деңгейінде пайда бола алмайды.

Мұнда да нағыз сенетін адамға ойдың басқа құрылымына қол сұғылмайды. Ойдың басқа құрылымы – бұл трансцедентты, метафизикалық құрылым. Оған білімде, түсінік те керек емес. Оның, өмірдің мәні, құндылық, маңызы туралы ойы теория мен түсіндіруді қажет етпейді. Ол соңғы құндылыққа – сенімге ие. Сенушілік, бұл барынша маңызды және құнды, тым құрығанда – оның жердегі өмірін қалыптастырады. Бұнда қарама-қайшылық пен өзара қол сұғушылық жоқ.

Бірақта, адам үшін оның өмірінің мәні материалдық (жерлік) тіршілік фактісімен шектелгенін мәлімдеу, өзгермелі ортаның ықпалына жауап ретінде оның өмірінің экспансиясы, осындай ұрпақта өзін жаңадан өндіру жеткіліксіз. Маңызды сұрақ туады: адам басқа тірі табиғаттан немен ерекшеленеді? Айырмашылық бар. Бұл – ақыл, сана (материалист үшін), бұл – жан (сенуші адам үшін).

Бұл өмірлік маңызды жағдайлардың белгілерінің үшінші мазмұнын тудырады. Бұл – азаматтық дамудың еркіндігі. Сенуші үшін – Құдайға жақындау. Атеист үшін – идеялық-рухани өзін дамытуы, хайуандық азғырудан кету мен homo sapiens идеалына жақындау.

Ұлттық идея мазмұнын түсіндірудегі дін және материалдық бастаманың қатынасы мәселесі түсіндіруді талап етеді. Құдайға немесе өткінші тіршілікте ұлттық идеялардың шығуының негізгі нүктесі қайда? Өткінші тіршіліктен бас тарта отырып, ұлттық идея басқасымен – мемлекеттің мағыналы тіршілігінің мәнінің сақталуымен анықталады. Бұл жерде Құдайдың өзі емес, оған ең алдымен оның гуманитарлық азаматтық бастама немесе әлеуетінде мемлекеттің өмірге қабілеттілігін қамтамасыз ету механизмдерінің бірі ретінде сену маңызды. Бұл өте күрделі сұрақ, себебі ол құрастырылып жатқан ұлттық идеяның әрекеттік мазмұнына қатысты болғандықтан. Өте жеңілдетіп айтқанда, бір тәсіл – фаталистік. Құдай неге рұқсат берсе сол болады. Не істесең де, керісінше, істемесең де жазылғаны болады. Бұл тәсіл өмір сүруге құқылы, бірақ оның белсенді, әрекеттік әлеуеті жоғары емес.

Екінші тәсілде де сенуші адам Құдай адамға таңдау еркіндігін берген деген ойдан шығуы мүмкін. Сондықтан адам, құнды өсиетті түсіне отырып, оған жету үшін әрекет етуі мүмкін. Тағдырдың жазуының болғанын күтіп қана қоймай, әрекет ету. Біздің тәсіл – саналы әрекеттік және бұл ұлттық идеяның негізгі анықтамасында жазылған. Бұл басқару және мемлекеттік-басқару атрибутикасына қарсылықтарда жиі жазылады.

Әрине әркім басқа тұжырымдаманы таңдауға құқылы. Басқа тәсіл – өзіміз әрекет ету. Қалай әрекет етуді түсіну. Адамдар мен қоғамға, жариялы билікке қалай әрекет ету керектігі туралы өз тұжырымдарын беру.

Біздің тұжырымда ұлттық идея мемлекетке тірі ағза ретінде қарсы болатын, өзін сақтау түйсігіне ұқсас. Бірақта өзін сақтау түйсігі бекітілген (санасыз) тәжірибемен шектелген. Ал ұлттық идея, тәжірибеден басқа, өлуге емес, өмір сүруді қажет ететін саналы қимылды да қосады.

Осылайша, ұлттық идея ұғымын

қалыптастыруда өмірлік маңызды жағдайлардың үш тобы бөлініп шығады. Субъектінің тіршілік фактісі, субъектілік мәнді (болмысты) сақтау. Өзгермелі орта жағдайында субъекті дамыту. Материалды емес құндылықтарға адами көтерілу.

Неге басқару тәсілінде «объект» емес, «субъект» термині қолданылады? Себебі әрекеттік ниеті басым болады. Адам, қоғам, мемлекет – бұл субъектілік мәндер, олардың ішінде біріншісі мемлекет болып табылады. Бірақта сол мемлекет үшін басқару объектісі туралы да айтуға болады. Субъект пен объект бір-біріне өтеді, орындарын ауыстырады.

Бұл жерде адам мен мемлекет – тірі ағза туралы әңгімелер мен түсініктер араласып кеткендіктен, түсіндіруді қажет етеді.

Осы жұмыста мемлекет тағдыры адамдардың, тұрғындардың тағдырымен қатаң байланыста қаралады. Егер адамдардың жаппай идеялық-рухани ыдырауы жүрсе (мысалы, жан дүниесі құдайсыз жаңа адамды өсірудегі кеңес тәжірибесі) мемлекет өмірге қабілетсіз болады. Егер жаппай тұрғындардың адамдықтан кетуі, оның тұтынушылардың қауымдастығына айналуы басталса, жалпы алғанда мемлекеттің денсаулығы үшін ауыр нәтижеден қашып құтылу мүмкін емес, ал мүмкін дәл сол оның сауығып кетуге үмітінің жоғалған кезінде болар.

Егер 1991 жылы мемлекеттің, Отанының өзі адамдардың санасына көңілі қалған КПСС пен геротократияны жаппай теңестіріп енгізсе, нәтижесінде Отанның өзі болмай қалды. Сондықтан мемлекеттің тірі ағзасы осы көркемдік салыстыруда дәл адамдағыдай физикалық (территория, ресурстар, экономика, қорғаныс), бірақта метафизикалық ауруы да мүмкін. Өмірдің мәнін жоғалта отырып, материалдық емес көтерілу мүмкіндігі мен қажеттіліксіз, мемлекет те сондай ауыруы мен өлуі мүмкін.

Сондықтан мемлекеттің ұлттық идеясы тек әркімге ғана керек емес – бұл тұтас мемлекеттің өмірінің өзінше мәні, мына сұрақтарға жауап, ол не, қайда және не үшін бара жатыр (дамып жатыр), ол үшін не құнды және ақталмайды, не себепті оны әлемде сыйлауы керек – бір жұдырық пен зымыранға бола ма – не себепті біз оны мақтан ете аламыз және не себепті біз жер бетінде болмаған кезеңде балаларымыздың болашағын оған сеніп тапсыруға болатынына сенімдіміз.

Міне сондықтан, осы жұмыста ұлттық идея туралы әңгіменің, қарапайым интеллигентиялық беллетристтік тұжырымдарға қарағанда біршама қатандығы айтылады. Әңгіме мемлекеттік деңгейде, оған қоса мемлекеттің ұлттық идеясы елдің Конституциясында жүйеленіп жазылуы тиістігін түсіне отырып, жүргізіледі.

Сонымен қатар, әлем елдерінің Конституцияларында, осы жұмыстың зерттеу пәніне кіретін басқа тәжірибелер мен үлгілер бар.

Қазақстанның ұлттық идеясы мәселесіне басқару тәсілі «сөйлесу мен оны таратуды», ал мемлекеттің өмірге қабілеттілігіне төнетін қауіптерді зерттеу ұстанымын, әрекет ету жоспары мен емдеу тәсілін беруді білдіреді.

Қазақстанның ұлттық идеясының бірнеше қызметін (немесе міндетін) көруге болады.

Жеке өмір мен қажеттіліктер жоспарында: мотивациялық; психологиялық ұйымдастырушылық; ұлттық жұмылдырушы, кіріктіруші, біріктіруші; әлеуметтік - мінез-құлықтық бағыттаушы; құндылықты анықтаушы; патриотизмді қалыптастырушы.

Басқару потенциалы мен энергетика жоспарында: Қауіпсіздік ұғымының мазмұнын толықтырушы; Мәдениет, тәрбие, білімнің ұлттық жүйесінің қалыптасуы мен ұйымдастырылуының мазмұны мен мәнін құраушы; Пассионарлық көтерілу мен жасауға халықты жұмылдыру; Ішкі және сыртқы саясатта (мемлекеттік басқару салаларындағыдай) саяси-құрамдас бастама; Әлеуметтік-экономикалық саясаттағы құраушы бастама; Үгіт-насихат саясатындағы құраушы бастама.

Ұлттық идея мемлекетке (егер мемлекет – бұл «тірі» ағза болса) «өмірдің мәнін», түрлі халықтар мен түрлі мемлекеттер мен аймақтар үшін осы мемлекетке қосылу мәнін беру керек. Міне сондықтан әлемнің жүздеген елдерінде ұлттық идея өмір сүреді.

Идеологиялық өзін-өзі анықтаудың сол немесе басқа жүйесін әлемнің қазіргі мемлекеттерінің біршама бөлігі иеленеді. АҚШ үшін – бұл Рах Americana әлемдік жобасы.

АҚШ-тың ұлттық ұраны болып «In God We Trust» («Құдайға сенеміз») идеологиясы көрінеді, протестанттық көзқарас доктринасы «Manifest Destiny» – «құдайлық болжамға» сай келетін. Француздар Ұлы төңкеріс кезеңінен бері ұлттық идеология ретінде «Еркіндік. Теңдік. Ағайындық» формуласына сүйенеді. Италиян ұлт азаттық қозғалысының ұраны ретінде жас итальяндықтар құрастырған, Италияның мемлекеттік бірігуі үшін күрес әркімнің діни парызы болып табылады деген идеямен жүргізілген «Құдай мен халық» императиві қолданылды. Сондай-ақ қазіргі итальян мемлекеті ұлттың дамуын жүзеге асыратын «Жаңа Италия – бүгін» идеологиясына сүйенеді. Сионизм идеологиясы белгілідей, Израиль мемлекетінің өмір сүруінің идеологиялық негізін құрайды. «Арман еткен жер» образы израильдік ұлттық идеологияның семантикалық ядросын құрайды. Жаңа түрік мемлекетінің негізін салушы Кемал Ататүріктің принциптеріне сәйкес идеологиялық жағынан Түркия ұлттық пантүріктік жобаны іске асыруға бағытталған.

1 – кестеде ресми қабылданған ұран түрінде жиі бекітілген ұлттық идея барынша қуатты құрастырылған елдердің тізімі беріледі. Жүздеген елдердің өздерінің формулалары бар. Олардың барлығын барынша сәтті деуге болмайды (мысалы Бермуд ұраны-«Қисықтық қайда апарды»). Бірақта ұран түрінде ұлттық идеяның анықтамасының болуы маңызды интеграциялық мәнге ие. Көбіне ұлттық идеяның формуласының мемлекеттік бірігуінің императив мазмұнын иеленеді. Кең таралған тұжырымдар тобы ұлттық өмір сүрудің басты принципін анықтайды.

Кесте 1

#### Әлемнің түрлі елдерінің ұлттық идеяларының формуласы

Мемлекет	Ұлттық идея формуласы, ұлттық ұран
Австрия	Австрия ең соңғы болып құриды
Ангола	Бірлік күшті қамтамасыз етеді
Аргентина	Одақ пен еркіндікте
Армения	Өткен есте сақтап, болашақта күштіміз
Белоруссия	Белорусь жаса!
Шығыс Тимор	Ар, Отан мен Халық
Вьетнам	Тәуелсіздік, Еркіндік, Бақыт
Габон	Бірлік, Еңбек, Әділеттілік
Гайана	Бір халық, бір ұлт, бір тағдыр
Гвинея	Жұмыс, Әділеттілік, Ынтымақтастық
Гвинея-Бисау	Бірлік, Күрес, Прогресс
Испания	Барлығынан жоғары-Испания, Испаниядан жоғары-Құдай
Камерун	Бейбітшілік, Жұмыс, Отан
Комор аралдары	Бірлік, Әділеттілік, Даму
Ливия	Еркіндік, социализм, бірлік
Мавритания	Ар-намыс, Ағайындық, Әділеттілік
Мадагаскар	Отан, Еркіндік, Прогресс
Мали	Бір халық, бір мақсат, бір сенім
Польша	Құдай, Ар-намыс, Отан



Ресей империясы	Православие. Самодержавие. Халықтық. Құдай бізбен бірге. Сенім, Патша және Отан үшін
Ресей	Жоқ
Сент-Люсия	Отан, Халық, Өркендеу
Сьерра-Леоне	Бірлік, Еркіндік, Әділеттілік
Туркс пен Кайкос	Бір халық, бір ұлт, бір тағдыр
Франция	Еркіндік, Теңдік, Ағайындық
ЦАР	Бірлік, Абырой, Еңбек
Чехия	Шындық орнайды
Швейцария	Біреуі барлығы үшін-барлығы біреуі үшін
Оңтүстік Корея	Барлығы халық үшін!
Ямайка	Барлығы бір адамдай
Жапония	Күн шығыстағы ел
Қазақ хандығы	Алаш
Қазақстан Республикасы	Жоқ

Осылайша, Көптеген ұлттық формулалар жоғары мемлекеттік құндылықтар дәрежесі түрінде құрастырылады. Қазақстан Республикасы ұлттық өмір сүрудің ұраны (формуласы) жоқ мемлекет ретінде сирек ерекшеліктердің бірін көрсетеді.

\*\*\*

В этой статье анализируются роль государства в формировании национальной идеи.

\*\*\*

This article is devoted to role of the state in formulations national idea.

*А. Жубаниязова*

## ПОНЯТИЕ «ЭКОНОМИЧЕСКАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ» КАК КАТЕГОРИЯ ПОЛИТИЧЕСКОЙ НАУКИ

Понятие «экономическая безопасность» относительно новое в лексиконе государственных органов управления. Это понятие, хорошо известное в практике деятельности управленческих структур западных стран, допускает весьма широкую интерпретацию. Экономическая безопасность — категория, используемая и политэкономии, и политологии, тесно связанная с категориями экономической независимости и зависимости, стабильности и уязвимости, экономического давления, шантажа, принуждения и агрессии, суверенитета.

«Экономическая безопасность — есть состояние, в котором народ (через государство) может суверенно, без вмешательства и давления извне, определять пути и формы своего экономического развития» [1].

Экономическая безопасность, проявляясь в сферах влияния других видов национальной безопасности, проникая в них и взаимодействуя с ними, аккумулирует в себе их воздействия, оставаясь при этом основой (базисом) национальной безопасности.

О том, какое внимание вопросам обеспечения экономической безопасности уделяется за рубежом, свидетельствуют следующие факты. В должность президента США 4 марта 1933 г. вступил Ф. Рузвельт. Уже за первые 100 дней его президентства было принято 15 законов,

которые стали базой дальнейшего развертывания мер по преодолению кризиса и восстановлению экономической мощи страны и представляли собой «новый курс». Ф. Рузвельт продемонстрировал отход от классической теории и практики невмешательства государства в экономическую жизнь. Ф. Рузвельт и его команда поняли, что рыночный механизм XX в. — это оптимальное сочетание рыночных мотивов и государственного участия в хозяйственных процессах. Одна из причин такого сочетания — необходимость влияния на социальный климат в обществе, так как экономические интересы личности реализуются через социальную политику государства. Для координации работы в этой области решением президента Ф. Рузвельта 29 июня 1934 г. образован федеральный Комитет по экономической безопасности [2].

В начале 1970-х гг. война во Вьетнаме и тяжелое бремя «холодной войны» привели к развитию в США ситуации неуправляемого роста инфляции. Возможное решение или облегчение одной проблемы усиливало тяжесть другой. Средств на все сразу катастрофически не хватало. Президент Ричард Никсон в 1972 г. создал Совет по экономической политике.

Однако к началу 1980-х гг. экономическая ситуация в США вновь осложнилась: опять